

formulate explanations and legal positions on complex issues not only of corporate law, but also of the entire civil law. In addition, an important step should be the development of a mechanism for legal continuity in judicial acts, which in turn will create a basis for developing more predictable decisions.

Ensuring the uniformity of judicial practice by the State is an important condition for protecting the rights and legitimate interests of participants in corporate relations. It is also necessary to consider the possibility of enshrining in the Code of Civil Procedure the principle of uniform application of legislation. The introduction of this principle will allow the judiciary to take a more responsible approach to the interpretation of certain legislative norms and to form a stable and uniform law enforcement practice.

#### References

1. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 803 dated February 9, 2002. <https://online.zakon.kz/>.
2. The Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. <https://online.zakon.kz/lawyer?m=s#text=%D0%B3%D0%BF%D0%BA%20%D1%80%D0%BA&spos=1&tSuffix=1&swwhere=3&baseId=1>.
3. Commentary on the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. Astana, 2016. UDC 347 (574). ISBN 978-601-236-042-4. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32469410&pos=1496;3#pos=1496;3](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32469410&pos=1496;3#pos=1496;3).
4. Regulatory Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated January 15, 2016 No. 1 "On the right of access to justice and the powers of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan to review judicial acts" (as amended on 01/16/2023). Published: "Kazakhstanskaya Pravda" dated January 28, 2016 No. 17 (28143); IS "Reference Control Bank of the National Bank of the Republic of Kazakhstan in electronic form" October 25, 2016
5. Regulatory Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated July 7, 2016 No. 6 ON certain issues of invalidity of transactions and the application by courts of the consequences of their invalidity (with amendments and additions as of 10/07/2022). Published: Kazakhstanskaya Pravda dated July 21, 2016 No. 138 (28264); IS "Reference Control Bank NPA RK in electronic form" October 5, 2016
6. Resolution of the Judicial Board for Civil Cases of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated April 23, 2024 No. 6001-24-00-3gp/164. <https://office.sud.kz/>.
7. Resolution of the Judicial Board for Civil Cases of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated January 12, 2024 No. 6001-23-00-3G/6272. <https://office.sud.kz/>.
8. Resolution of the Judicial Board for Civil Cases of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated January 30, 2024 No. 6001-23-00-3GP/583. <https://office.sud.kz/>.
9. The decision of the judicial board on civil cases of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated June 4, 2024 No. 6001-24-00-3gp/252. <https://office.sud.kz/>.
10. U. Bekmirzaeva, The significance of classification of corporate disputes. EURASIAN JOURNAL OF LAW, FINANCE AND APPLIED SCIENCES, Volume 3 Issue 4, April 2023 ISSN 2181-2853 Page 208.

ӘОЖ 371.38

## «АДАЛ АЗАМАТ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН БІРТҰТАСТАНДЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Бейсенбаева А.М.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Асетова Б.Ж.**, Е академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Айдарбекова К.А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Нургазиева Н.М.**, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 17 маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – адал еңбек» атты екінші отырысында болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін атап өтіп, жас ұрпақты адал, отаншыл азамат етіп қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту және қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның жаңа құндылықтарын орнықтыру бағытында жүйелі әрі кешенді жұмыс жүргізілу керектігін тапсырды [1].

Осы тапсырма негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі 2023–2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын әзірлеп, оны мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында пилоттық режимде енгізді. Аталған бағдарлама тәрбиенің мазмұнын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сынды базалық құндылықтарға негіздей отырып жүйелеуді көздейді [2]. Бұл тәсіл тәрбиелік процестің мазмұнын қоғамның рухани-мәдени қажеттіліктерімен үйлестіруге, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік, азаматтық және патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

2024 жылғы 15 наурызда Атырау қаласында өткен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен ұйымдастырылған Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты үшінші отырысында Мемлекет басшысы ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететін заманауи сын-қатерлерге назар аударып, бұл үдерістерге қоғам болып бірлесе қарсы тұру қажеттігін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, Президент ұлттық сана мен қоғамдық даму тұрғысынан өзекті болып табылатын, ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар жүйесін нақтылап көрсетті [3].

Аталған құндылықтар негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын жаңартып, оны 2024–2025 оқу жылынан бастап еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерінде және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының негізгі құрамдас бөлігі ретінде енгізді [4]. Жаңартылған бағдарлама тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын, азаматтық белсенділігін, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуды мақсат етіп, тәрбиелік үдерістің барлық деңгейінде кешенді түрде жүзеге асырылуда.

«Адал азамат» бағдарламасы осы «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының логикалық жалғасы болып табылады. Аталған бағдарлама өскелең ұрпақтың бойында адалдық, әділеттілік, жауапкершілік және еңбекқорлық сияқты негізгі адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған, әрі қоғамдағы тәрбие жүйесін біріздендіру мен құндылықтық бағдарды нығайтуды көздейді.

«Адал азамат» бағдарламасының мазмұнында қамтылған құндылықтарды бастауыш білім беру деңгейінің оқу-тәрбие процесіне жүйелі және біртұтас түрде енгізу – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселені шешу оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етумен қатар, олардың өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлық мәдениетін ерте жастан қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан да тәрбие процесі бастауыш сынып кезеңінен бастап мақсатты, үйлесімді және жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылуы тиіс.

Бағдарламаның негізгі миссиясы – оқушылардың бойында адалдық, әділеттілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік және жауапкершілік сынды базалық қасиеттерді қалыптастыру арқылы саналы әрі белсенді азаматты тәрбиелеу болып табылады. Осыған сәйкес бағдарламада мынадай құндылықтар жүйеленген: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық [5].

Аталған құндылықтарды бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың танымдық және тұлғалық даму деңгейіне сәйкес меңгерту мақсатында оларды мазмұндық тұрғыдан декомпозициялау, яғни бөлшектеу және қарапайым тілмен ұсыну қажет. Бұл тәсіл құндылықтардың мәнін жас ерекшеліктеріне сай түсіндіріп, әрбір білім алушының күнделікті оқу-тәрбие процесінде оны нақты әрекеттер арқылы игеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктіру барысында пәнаралық байланыстарды, ойын элементтерін, жағдаяттық тапсырмаларды және өмірмен байланысты мысалдарды кеңінен қолдану – тәрбиенің тиімділігін арттыратын маңызды фактор болып саналады.

Демек, бастауыш білім беру кезеңінде «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын тиімді декомпозициялау мен интеграциялау – жас ұрпақтың бойында ұлттық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерді жүйелі түрде қалыптастырудың негізі болмақ.

Декомпозициялау ұғымы – күрделі процесті немесе тұжырымдаманы құрылымдық, нақты және басқаруға ыңғайлы шағын компоненттерге бөлуді білдіреді. Бұл әдіс білім беру мазмұнын оңтайландыру және құндылықтық бағдарды тиімді түрде меңгерту мақсатында қолданылады. Бастауыш білім беру деңгейінде құндылықтарды декомпозициялау үдерісі келесі бағыттарды қамтиды:

- құндылықтардың жалпы мақсаттық бағдарын айқындау, яғни олардың тұлғалық даму мен әлеуметтенудегі негізгі рөлін анықтау;
- сол мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін жекелеген құндылықтарды, олармен байланысты күтілетін нәтижелерді саралау;
- әрбір құндылықты оқу пәндеріне, тәрбие сағаттарына, ойын әрекеттеріне және жобалық жұмыстарға бейімделген нақты, түсінікті тапсырмалар жүйесіне бөлу.

Құндылықтарды декомпозициялау барысында төмендегідей құрамдас элементтер нақтыланады:

1. Құндылыққа түсіндірме беріледі – яғни оның мәні ашылады, мазмұны педагогикалық және психологиялық тұрғыда негізделеді. Бұл кезеңде құндылықтың оқушы үшін маңызын түсіндіру және оны жас ерекшеліктеріне сай қабылдауына ықпал ету көзделеді.

2. Құндылықтың мінез-құлықтағы индикаторлары анықталады – құндылықтың оқушы әрекетіндегі көрініс формалары (мысалы, адалдық – шын сөйлеу, жауапкершілік – тапсырманы уақытында орындау және т.б.). Бұл индикаторлар тұлғалық қасиеттің тәжірибелік көрінісін сипаттайды.

3. Құндылықтың оқу үдерісіндегі іске асу жолдары айқындалады – бұл бағытта құндылықтың пәндік мазмұнмен интеграциялану мүмкіндіктері қарастырылады. Мысалы, әдеби мәтіндер арқылы отансүйгіштік тәрбиелеу немесе математика сабағында әділдік ұстанымын көрсету.

4. Құндылықтың тәрбие жұмысы мен сыныптан тыс іс-шараларда жүзеге асу формалары нақтыланады – оқушының әлеуметтік тәжірибесін кеңейтетін үйірмелер, жобалар, қоғамдық бастамалар, еріктілік қызметі секілді әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, құндылықтарды декомпозициялау – білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай олардың санасына құндылықтық бағдарларды біртіндеп сіңіруге және практикалық әрекеттер арқылы бекітуге мүмкіндік беретін ғылыми-әдістемелік тәсіл болып табылады.

Құндылықтар жүйесін декомпозициялау бастауыш мектеп оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, құндылықтардың мәнін қолжетімді әрі түсінікті мазмұнда ұсынуға мүмкіндік береді. Декомпозиция нәтижесінде әрбір базалық құндылықтың мазмұны мен тәрбиелік әлеуеті төмендегідей сипатталады:

1. Адалдық – Құндылықтың мазмұндық түсіндірмесі: Адалдық – бұл шындықты айту, жалған сөйлемей, өз әрекеті мен шешіміне шынайы жауапкершілікпен қарау.

– Оқушыға тәрбиелік ықпалы: Оқушылардың өзара сенімді қарым-қатынас орнатуына, шынайы өзін-өзі бағалауға және ішкі ар-ұят сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Әділеттілік – Құндылықтың мазмұндық түсіндірмесі: Әділеттілік – барлық адамға тең мүмкіндік беру, ортақ ережелерді сақтау, бейтарап әрі дұрыс шешім қабылдай білу.

– Оқушыға тәрбиелік ықпалы: Ұжымда сыйластық пен теңдік орнатуға, өзгенің пікіріне құрметпен қарауға, әділ көзқарас қалыптастыруға негіз болады.

3. Жауапкершілік – Құндылықтың мазмұндық түсіндірмесі: Жауапкершілік – тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындау, қоршаған орта мен қоғамға ұқыптылықпен қарау.

– Оқушыға тәрбиелік ықпалы: Оқушылардың оқу әрекеті мен мінез-құлқында саналылықты, өз әрекетінің салдарын бағалай білу қабілетін дамытады.

4. Еңбексүйгіштік – Құндылықтың мазмұндық түсіндірмесі: Еңбексүйгіштік – басталған істі соңына дейін жеткізуге ұмтылу, табандылық пен шыдамдылық таныту.

– Оқушыға тәрбиелік ықпалы: Мақсат қою мен оған жету жолындағы жүйелі еңбекті бағалауға үйретеді, дербестік пен қажырлылықты қалыптастырады.

5. Отансүйгіштік және құрмет – Құндылықтың мазмұндық түсіндірмесі: Отансүйгіштік пен құрмет – туған жерге, отбасына, достарына, ұлттық құндылықтарға сүйіспеншілікпен қарау және оларды қорғау.

– Оқушыға тәрбиелік ықпалы: Азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік белсенділікке баулиды, қоғамға пайдалы болуға деген ниетті қалыптастырады.

Құндылықтарды мазмұндық деңгейде жіктеп, оқушы түсінігіне сай бейімдеу бастауыш мектептегі оқу-тәрбие процесінің мақсатты түрде ұйымдастырылуына мүмкіндік береді.

«Адалдық» құндылығының декомпозициясы бастауыш сынып оқушыларының танымдық және тұлғалық дамуына сәйкес мазмұнды, мінез-құлықтық және тәжірибелік деңгейлерде айқындалады. Бұл үдеріс оқушылардың адалдық ұғымын саналы түрде қабылдауына және оны күнделікті өмірде іс-әрекет арқылы көрсетуіне мүмкіндік береді.

1-кесте – «Адалдық» құндылығының декомпозициясы

Құндылық	Мазмұндық түсінігі	Мінез-құлық индикаторлары	Оқу әрекетіндегі көрінісі	Тәрбие әрекетіндегі көрінісі
Адалдық	Адалдық – бұл шынайы болу, өтірік айтпау, тапсырманы өз бетінше орындау және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау.	Өз қатесін мойындайды, жауаптарды көшірмейді, уәдесінде тұрады.	Мысалы, қазақ тілі сабағында «Шынайы достық» мәтінін талдау арқылы адалдықтың қарым-қатынастағы маңызын түсінеді.	«Адалдық жәшігі» ойыны, адалдық туралы әңгімелер мен жағдаяттарды талдау арқылы оқушылардың жеке тәжірибесіне негізделген пікір қалыптастыру.

«Адалдық» құндылығының декомпозициясы оның теориялық мазмұнын, мінез-құлықтық көрсеткіштерін және оқу-тәрбие процесінде жүзеге асу тетіктерін нақтылап көрсетеді.

Құндылықтық тәрбиені білім беру процесіне тиімді енгізу үшін оны оқыту тек жеке пәнмен немесе оқшауланған іс-шаралармен шектелмей, оқу мен тәрбиенің барлық бағыттарында жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл тұрғыда құндылықтардың күнделікті сабақтарда, тәрбие сағаттарында және мектепшілік іс-шаралар аясында *жоспарлы әрі біртұтас* түрде көрініс табуы – білім беру мазмұнының тұтастығы мен тәрбиелік әлеуетін арттырудың негізі болып саналады.

Осы мақсатта қолданысқа енгізілген біртұтастандыру (интеграциялау) тәсілі – «Адал азамат» бағдарламасының идеяларын жалпы білім беретін пәндердің мазмұнымен үйлестіре отырып, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған. Біртұтастандыру үдерісі келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

1. Барлық пән мұғалімдерінің бірыңғай құндылықтық-бағдарлы тәрбие бағыты аясында үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

2. Пәндік білім беру мен тәрбиелік мақсаттар интеграцияланып, оқу процесінің мазмұны тұлғаның интеллектуалдық дамуымен қатар, оның адамгершілік қасиеттерін де қалыптастыруға ықпал етеді;

3. Оқушының бойында күнделікті тәжірибеге негізделген, тұрақты мінез-құлық дағдылары қалыптасады, бұл өз кезегінде оның әлеуметтік-эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, құндылықтарды оқу пәндерінің мазмұнымен үйлестіре отырып біртұтастандыру – білім мен тәрбиенің ажырамас тұтастығын қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады. Бұл әдіс оқушының тұлғалық дамуына жүйелі әсер етіп, оны адал, жауапты және отансүйгіш азамат ретінде қалыптастыруға негіз болады.

Құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру барысында олардың пәндік мазмұнмен және тәрбие жұмысының формаларымен үйлесімді жүзеге асырылуы маңызды. Мысалы:

Сабақтағы құндылықтың көрінісі

Қазақ тілі пәні – «Адалдықтың мәні»

Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту үдерісінде адалдық құндылығын интериоризациялау мақсатында сабақ мазмұнын келесі бағытта ұйымдастыру ұсынылады:

- Мәтіндер мен жаттығу материалдарын таңдауда адалдықты насихаттайтын мазмұндарды енгізу (мысалы, шынайы достық, әділ шешім, уәдеге беріктік туралы әңгімелер);

- Сөздік жұмысы барысында «шындық», «сенім», «ар-намыс» секілді ұғымдардың мағынасын ашу және оларды өмірмен байланыстыра талдау;

- Әңгімелеу мен пікірталас түріндегі тапсырмалар арқылы оқушылардың өз көзқарасын дәлелді жеткізуіне мүмкіндік беру, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру.

Математика пәні – «Әділеттілік қағидаты»

Математикалық білім беру үдерісінде әділеттілік құндылығын меңгерту келесі әдістер арқылы жүзеге асады:

- Есептер мен тапсырмалар мазмұны арқылы әділдік, теңдік, тепе-теңдік ұғымдарын бекіту (мысалы, сандық мәндерді тең бөліп беру, әділ бөлініс моделін көрсету);

- Топтық жұмыс ұйымдастыру барысында әр оқушыға тең мүмкіндік беру және өзара сыйластық қағидатын ұстану арқылы ұжымда әділ қарым-қатынас орнату;

- Логикалық тапсырмалар мен жағдаяттарды өмірлік мысалдармен байланыстыру арқылы оқушының сыни ойлауын және құндылықтық бағдарының дамуын қамтамасыз ету.

Тәрбие сағаты үлгісі – «Адалдық – асыл қасиет»

Мақсаты:

Оқушылардың адалдық ұғымы жөніндегі түсінігін тереңдету, оны күнделікті өмірде ұстануға баулу, шынайылық пен жауапкершілікке негізделген мінез-құлықты қалыптастыру.

Тәрбие сағатының құрылымы:

1. Мақал-мәтелдер сайысы – «Адалдық туралы дана сөздер» тақырыбында оқушылар халық даналығы арқылы құндылықтың мәнін ұғынады.

2. Көрініс қою – «Шындық пен өтіріктің тартысы» атты шағын сахналық қойылым арқылы өмірлік жағдайдағы құндылықтық таңдаулар көрсетіледі.

3. Рефлексия – «Мен адал боламын, өйткені...» тақырыбында жазбаша немесе ауызша ой-толғау арқылы оқушының жеке ұстанымы мен ішкі сенімі қалыптасады.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар адалдықтың маңызын түсінеді және оны күнделікті өмірлік әрекеттерде қолдану дағдысын меңгереді. Сонымен қатар, шынайы болуға, өтірік айтудан бас тартуға және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға ұмтылады.

Оқу мен тәрбие процесін жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндіктері құндылықтық бағдарды білім беру мазмұнына жүйелі түрде енгізу арқылы оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл үдерісте оқу мен тәрбиені өзара кіріктіру, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ мектептің ішкі мәдени кеңістігі ерекше маңызға ие.

Біріншіден, пәндік-әдістемелік бірлестіктер аясында барлық пән мұғалімдерінің тәрбиелік мақсаттар бойынша бірлескен жұмысын ұйымдастыру маңызды. Бұл ретте пәндік жоспарлау барысында құндылықтық тәрбие бағыттарын үйлестіріп, біртұтас тәрбие саясатын қалыптастыру қажет. Мұндай келісілген тәсіл білім беру мазмұнының сабақтастығы мен бірізділігін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, ата-аналармен ынтымақтастық – құндылықтарды оқушы бойында орнықтырудың маңызды құрамдас бөлігі. Ата-аналарға жүйелі түрде ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсету арқылы отбасындағы тәрбиенің мектептегі тәрбие жұмысына үндестігін қамтамасыз етуге болады. Бұл бағытта ата-аналар жиналыстары, кеңестер, ақпараттық парақшалар мен тренингтер ұйымдастыру тиімді құрал бола алады.

Үшіншіден, мектепшілік ортақ мәдениетті қалыптастыру – құндылықтарды күнделікті өмірде тәжірибе арқылы меңгерудің маңызды шарты. Мектеп дәстүрлері, ұжымдық іс-шаралар, еріктілік бастамалар және өзара көмек көрсету мәдениеті арқылы оқушылар құндылықтардың нақты көріністерін байқап, оларды саналы түрде қабылдай бастайды.

Осыған сәйкес, құндылықтың үш деңгейлі көрінісі – танымдық, практикалық және эмоциялық – оқушының жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді:

- Танымдық негізі – оқу сабақтарында құндылық мәнін түсіну;

- Практикалық көрінісі – тәрбие сағаттары мен іс-шараларда оны әрекетте қолдану;

- Эмоциялық рефлексиясы – оқушының ішкі ұстанымы мен мінез-құлқында көрініс табуы.

Осылайша, «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы құндылықтарды декомпозициялау бастауыш мектептегі оқу мен тәрбие процесін біртұтас педагогикалық жүйеге айналдыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқу пәндері мен сыныптан тыс іс-шараларды тәрбиелік мақсаттармен ұштастыра отырып, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін – адалдық, әділеттілік және жауапкершілік сынды базалық құндылықтарды – жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталады.

Мұғалім мен ата-ананың өзара біріккен және үйлесімді әрекеті нәтижесінде оқушының тұлғалық әлеуеті ашылып, оның болашақта саналы, өнегелі, қоғамға пайдалы азамат ретінде қалыптасуына жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. 2023 жылғы 17 маусым. – Түркістан. [Электронды ресурс] <https://surl.li/tpkuos> (қаралған уақыты 05.08.2025 ж.)

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылғы 19 қыргүйектегі №294 бұйрығының 1-қосымшасы

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 2024 жылғы 15 наурыз [Электронды ресурс] <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kurylytaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (қаралған уақыты 05.08.2025 ж.)

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 31 шілдедегі №194 бұйрығына 1-қосымша.

5. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының негізіне айналады. 2025 жылғы 19 наурыз. [Электронды ресурс] <https://primeminister.kz/news/reviews/adal-azamat-birtutas-tarbie-bagdarlamasy-bilim-beru-uyumdaryndagy-tarbie-zhumysynyn-negizine-aynalady-29885>